

Алматы қаласындағы қылмыспен күрес және құқық тәртібін қамсыздандыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған Х сессиясының 2001 жылғы 4 шілдедегі Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 20 шілдеде N 364 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен

Алматы қаласының құқық қорғау органдарының жұмыс жағдайын қарап, Алматы қаласының Әкімі В.В. Храпуновтың "Алматы қаласындағы қылмыспен күрес және құқық тәртібін қамсыздандыру жөніндегі шаралар туралы" баяндамасын тыңдап талқылай келе Алматы қалалық Мәслихаты Алматы қаласы құқық қорғау органдарының заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қауіпсіздігін сақтау, қорғау және құқық тәртібін қамсыздандыру бойынша жұмысты тұрақты жетілдіріп келе жатқандығын атап өтеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қойған міндеттерді орындауға, халықты қылмыспен, жемқорлықпен, есірткі саудасымен және браконьерлікпен күреске көтеруге, қылмысты ескерту бойынша сақтандыру жұмыстарына баса назар аударылады. Қалада қалалық штаб құрылды, ерікті халық жасақшыларының жұмысы жанданды, патрульдік полицияның полкі құрылды, қызметкерлердің біліктілігін көтеруге, құқық қорғау органдарына мамандарды таңдау мен даярлауға назар аударылады.

Қала құқық қорғау органдарының материалдық техникалық базасын жақсарту бойынша шаралар қабылданды, атап айтқанда, жедел басқару орталығы жұмыс істей бастады, қосымша автомобильдер бөлінді, бөлімшелер компьютерлермен жабдықталды, участкелік инспекторларға қызмет пәтерлері бөлінді.

Сонымен қатар, заңдылықтың орындалмауы байқалуда, бұл қаладағы құқық тәртібі мен қылмыстық ахуалдың нашарлануына алып келуде. Бұл көп жағдайда экономикалық тұрақсыздықпен, қоғамдағы әлеуметтік шиеленіспен түсіндіріледі және соның салдары ретінде меншікке қарсы қылмыс санының өсуі байқалады, олардың үлес салмағы барлық тіркелген қылмыстың 65,2 пайызын құрайды, қылмыс жасаған адамдардың 81,4 пайызы - жұмыс істемейтіндер. 2001 жылдың 5

айында қалада 8492 қылмыс тіркелді, бұл 2000 жылдың осы мерзімдегі деңгейінен 13,7 пайызға жоғары (7466) және қылмыс жасаған 3423 адам анықталды, бұл 2000 жылдың өткен 5 айымен салыстырғанда 5,6 пайызға артық (3240). Тіркелген қылмыстардың жалпы құрылымында ауыр және өте ауыр қылмыстардың үлесі жоғары. 2001 жылдың 5 айында олардың саны 2000 жылдың осы мерзіммен салыстырғанда 41,2 пайызға өсті. Азаматтардың мүлігін ұрлау саны 45,9 пайызға алаяқтық 47,8 пайызға өсті. Белгіленген келіп-кету тәртібін бұзғандығы үшін 10258 адам, жол қозғалыс тәртібін бұзғандығы үшін 112967 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қалада есірткінің заңсыз айналымы елеулі мәселе болып отыр, оның өсу бағыты әлі де сақталуда. Қараусыз және қамқорлықсыз қалған балалар саны өсе түсуде, қылмысты жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың 60 пайыздан астамы еш жерде оқымайды және жұмыс істемейді.

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихат

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қаласының Әкімі В.В. Храпуновтың "Алматы қаласындағы қылмыспен күрес және құқық тәртібін қамсыздандыру жөніндегі шаралар туралы" баяндамасы назарға алынсын;

2. "2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласында жедел ахуалды тұрақтандыру, құқық тәртібін нығайту, ішкі істер органдарының материалдық техникалық, әлеуметтік және кадрлық қамсыздандыру жөніндегі алғашқы кезектегі шаралар" бағдарламасы бекітілсін, N№1 қосымша;

3. "Алматы - үлгілі құқық тәртібі қаласы" ережесі әзірленсін және Алматы қалалық Мәслихатының келесі сессиясына бекіту ұсынылсын;

4. Алматы қалалық Мәслихатының тұрақты комиссиялары құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Мәслихаттың, қала Әкімінің нормативтік актілерімен қала тұрғындарын таныстыру бойынша жұмысты жандандырып, бұл үшін бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін барынша пайдаланатын болсын ;

5. Құқық қорғау органдарының басшыларына қызметкерлерді таңдау, даярлау , қайта даярлау, олардың біліктілігін, абырой-беделін көтеру бойынша жұмысты күшейту ұсынылсын. Тұрғылықты жері бойынша учаскелік инспекторлардың жұмысын күшейту, өзін-өзі басқару органдарымен, білім беру, еңбек, ғылыми, оқу ұжымдарымен ықпалдастық арқылы халықтың, әсіресе жастардың заңдарды білуі мен орындауына қол жеткізілсін. Халықаралық терроризмді, есірткі саудасын ауыздықтау бойынша таяу және алыс шетел құқық қорғау органдарымен тәжірибе алмастыруды және ынтымақтастықты жалғастыратын болсын. Құқық тақырыбына жазатын бұқаралық ақпарат құралдары

журналистерімен ынтымақтастық тереңдетілсін;

6. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және әкімшіліктік

заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар келісілсін және олар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметіне жолдансын, N 2 қосымша;

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау заңдылық, құқық қорғау және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (Е.М. Мұқыжанов).

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының X-сессиясының
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

II-ші сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты X-шы сессиясының
2001 жылғы 4 шілдедегі
шешіміне N№1 қосымша

Жедел жағдайды тұрақтандырудың құқық тәртібін

нығайтудың басты шаралары, Алматы қаласында
қылмысқа қарсы күресуді күшейту, ішкі істер
органдарын 2001-2005 ж.ж. материалдық-техникалық,
әлеуметтік және кадрлармен қамтамасыз ету

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы 2001 жыл

Бағдарламаның паспорты

1. Құқық тәртібі мен заңдылықтың жәй-күйін талдау
2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті
3. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері
4. Күтілетін нәтиже
5. Шаралар:
 - 5.1 Қылмысты ескерту және құқық тәртібін қорғау жөніндегі

5.2 Қылмыстылықпен күресті және құқық тәртібін қорғау жөніндегі ұйымдық шаралар

5.3 Ұйымдық және кадрлық қамсыздандыру

5.4 Алматы қаласы ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамсыздандыру, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу.

Еліміздегі шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық жағдайда қылмыспен күрес мәселесі қылмыстың алдын алу және жазадан құтылмау қағидасын қамсыздандыруға бағытталған түбегейлі шараларды қолдануды талап етеді.

Алматы қаласында 2000 жылы қылмыстықтың өсуінің барлық түрінің деңгейі 17,0 пайызды (14736-дан 17248 дейін) құрайды, ал қылмыстық іздеу жағынан 17,5 пайызға (13926-дан 16368 дейін).

Қылмыстық деңгейінің өсуі бөтеннің мүлкін ұрлаудың (+1375 немесе 27,3 пайыз) негізінен және есірткіге (+1031 немесе 30,0 пайызды) байланысты қылмыстардың анықталуынан болып отыр. Талдау қазіргі заманның қылмыстары күш көрсету және пайдакүнемдік бағытында көбірек жасалатынын көрсетіп отыр

Жасалған қылмыстың негізгі бөлігін тонау мен ұрлау құрайды. Атыс қаруының заңсыз айналымы мен оны қолдана отырып жасалған қылмыс саны

а р т а т ү с у д е .

Еліміздегі экономиканың күрт түсуіне байланысты жұмыссыздықтың өсуі, әсіресе ауылдағы жұмыссыздық ауыл жастарының қалаға қарай ағылуының басты себебі болды, бірінші кезекте Алматы қаласына. Мұнда олар жұмыс таба алмағандықтан, тұрақты тұрағы жоқтықтан қылмыс жасауға бағытталған топтарға бірігеді.

Жылдан-жылға қылмыстың ұйымдасқан түрі сипат алуда. Ұйымдасқан қылмыс спирттік, ішімдік өнімдерді шығару, түрлі-түсті металл өнімдерін алып сату салаларында көрініуде.

Соңғы уақытта Алматы қаласында есірткімен айналысу қылмысы үлкен бағыт алуда. Тек 2000-жылдың ішінде ресми деректерден белгілі болған 623 адам есірткіні шектен тыс қолданғаны үшін қайтыс болған. ПББ-ның жедел есебінде есірткімен ұсталынған 14000 астам адам тұр. Өткен жылы есірткіге байланысты 4464 қылмыстық іс қозғалған, заңсыз айналымнан 3 мың килограммнан астам

есірткілік заттар алынған.

Қылмыстық ортаның мүдделері барған сайын осы саламен тоқайласуда. ТМД кеңестігіндегі шекаралардың ашықтығы мен елдердің географиялық орналасуының өзі халықаралық есірткі мафияларының Қазақстанға қызығушылығын тудырып отыр. Жақын шетелдерден (Қазақстан, Өзбекістан, Тәжікстан) Шу жазығынан контрабандалық жолдармен тасылынып жатқан есірткі заттар - өзекті мәселелердің бірі. Алматы қаласында аймақ аралық байланыстарымен едәуір материалдық ресурстарға ие Қазақстан аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде есірткі тарату жолдарын қалыптастырудың қадамдарын жасап жатқан қылмыстық топтар бар. Жастар арасында медициналық емес есірткіні қолдану кең таралуда. Орта мектептер мен колледж жастарының арасында да есірткі қолдану үлкен мазасыздық тудырып отыр. Есірткілік заттарды дискотекаларда, түнгі клубтарда, казиноларда пайдалануда мәселені күрделендіріп отыр қалыптасқан жағдайларды талдау нақты шаралар қабылдауды, есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы бірыңғай стратегиялық бағытқа негізделген күрес жүргізуді қажет етеді.

Терроризмге байланысты Орта Азия мен Ресей мемлекеттеріндегі оқиғалары да тұрақтылыққа елеулі қауіп төндіруде. Діни экстремизм мен терроризмді өздеріне қару еткен халықаралық қылмыстық ұйымдар тарапынан төнген қауіпте

ө с е т ү с у д е .

Құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізудегі халықтың әлеуметтік беделділігі де күрт төмендеп кетті. Құқық қорғау органдарының халықпен бұрынырақта қалыптасқан тығыз байланыстары жоғалып кетті.

Құқық бұзушылықпен алдын алу шараларын қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдар мен қоғамдық мекемелердің қызметі шашыраңқы және жүйесіз сипатта.

Балалардың едәуір бөлігі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмен түсуіне байланысты өмірдегі және тәрбиедегі қолайсыз жағдайларды қалуда, қараусыз балалар көбейіп кеткен, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету шешілмеген.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың 60 пайыздан астамы оқымайды не жұмыс түрімен қамтылмаған. Жауапкершілік жасқа толмай тұрып қылмыстық жазалынатын іс-әрекеттерді жасайтын балалар мен жасөспірімдердің қатары азаймай отыр, олардың 70 пайыздан астамы тұрмысы нашар жанұядан шыққандар.

Алматы қаласындағы кәмелетке толмаған жастардың саны - 316,461 мың адам - бұл бүкіл Қазақстан қалаларындағы кәмелетке толмаған жастардың 19 пайызы. Жасөспірімдердің соңғы жылдары жасаған қылмыстарын талдауы көрсетіп отырғандай кәмелетке толмағандардың қылмыс жасау бетбағысы төмендемей тұр.

Маңызды әлеуметтік мәселелер - маскүнемдік пен нашақорлық. Сонымен бірге алдын алу жұмысының деңгейі де өте төмен.

Маскүнемдер мен нашақорларды емдеу-оналту мекемелері жетіспейді, салауатты өмір салтын мақсатты түрде насихаттау жұмыстары жоқ.

Қайта жасалынатын қылмыстардың саны төмендемей отыр, осы жылдың 4-айы ішінде осы түрдегі қылмыс саны 2,1 есеге көбейді.

Сонымен бірге бас бостандығынан айыру орындарынан босаған, тұрақты тұрағы жоқ азаматтарды әлеуметтік бейімдеу қанағаттанарлықсыз шешілуде.

Қылмысқа қарсы күресуде және алдын алу жұмыстарында әлі де болса ішкі істер басқармасының материалдық-техникалық базасы жетіспеушілігі қол байлау б о л у д а .

Соңғы жылдары ішкі істер органдарының қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі төмендеп кетті, олардың ақшалай қаражаты қызметтік жүктемесіне сәйкес келмейді. Білікті, іскер мамандар әлеуметтік қорғанышының нашарлығынан, коммерциялық мекемелерге ауысып кетті.

Ішкі істер органдарының жұмыстарына тиісті ақпараттық қолдаудың жоқтығы, сондай-ақ халықта жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша белсенді қызметтің жүргізілмеуі көпшіліктің заңға және әділдікке деген сенімінің жоғалуына алып келді.

Қылмыспен тиімді күресуді жалғастыру үшін барлық мемлекеттік және жергілікті билік органдары мен басқармалардың күш-жігерін үйлестіруге негізделген және заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің сенімді жүйесін құруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Алдын алу жұмыстарын күшейтіп, жұртшылықты қылмысты ауыздықтауға белсенділігін арттыру керек. Жұртшылықпен жұмысты негізінен төмендегі үш бағытта жүргізу тиімді болмақ: полицияның жұртшылықпен тікелей байланысын қолдау және дамыту; жергілікті бақылау жүйесін ұйымдастыру; полицияның басқа ұйымдармен өзара іс-әрекеті. Бұл жағдайда екі негізгі міндеттің орындалуына назар аудару қажет; халыққа жеке және мүлктік қауіпсіздігі бойынша кеңес беру ; қылмыспен күресу үшін құрылған әртүрлі қоғамдық құрылымдарды ұйымдастыру және басшылық ету.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті

Негізгі мақсаттары :

- заңдылық пен құқық тәртібін одан әрі нығайту. Қылмысқа қарсы күресте бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, бұл жұмысқа барлық мемлекет органдарын, қоғамдық құрылымдар мен тұрғындарды қамту, құқық

бұзушылықтың алдын алу және қылмыстыққа қарсы күресте жергілікті атқару органдарының ролі мен жауапкершілігін арттыру;

- құқық бұзушылықтың әлеуметтік сақтандыру жүйесін құру;
- қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру, оның ұйымдасқан түрлерімен және жемқорлықпен, есірткі қылмыстарымен, терроризм және діни экстремизммен қарсы күресті күшейту.

Негізгі міндеттері:

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, құқық тәртібін сақтауда және қылмыспен қарсы күрес жүргізудегі жергілікті атқарушы органдардың ролін арттыру.

- құқық бұзушылықтан белгілі мақсатқа бағытталған сақтандыру, соның ішінде кәмелетке толмағандар мен жастар арасында, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар мен тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- бас бос бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар мен тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік ақтауды жүзеге асыру;

- ұйымдасқан қылмыспен, есірткі бизнесімен, жемқорлықпен күресті одан әрі нығайту, терроризмге қарсы әрекет етудің, заңсыз көші-қон, діни және саяси экстремизмнің таралуына қарсы әрекеттердің сенімді жүйесін құру;

- ішкі істер органдар қызметін техникалық қайта жарақтау мен ақпараттық қамсыздандыруды жүзеге асыру;

- ішкі істер органдарының қызметін қылмыспен күрестің негізгі бағыттарына жұмылдыру;

- ішкі істер органдарын олардың қызмет саласындағы жүргізген саясатына ақпараттық қолдау көрсету және халықтың сенімін қалыптастыру, қылмыстыққа қарсы күреске азаматтардың мүдделілігін көтеру;

- құқық қорғау органдарының беделін көтеру, халықтың құқық қорғау

органдарына сенімін арттыру;

- құқық қорғау органдарындағы тәртіп пен заңдылықты нығайту;
- ішкі істер органдарын кадрмен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігі мен іскерлігін арттыру, әлеуметтік-тұрмыстық және қаражат жағдайларын жақсарту.

3. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көзі

Бағдарламаны қаржыландыру мемлекеттік бюджетте көрсетілген қаражат шегінде жүзеге асырылады. Ұйымдар мен халықтың демеушілік көмегін тарту көзделіп отыр.

Бюджет қаражатының көлемі жыл сайын нақтыланып отырады.

4. Күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

- барлық қылмыстың ахуалы жақсарады, қылмысқа қарсы күрес күшейеді, ауыр қылмыстың төмендеу бетбағыты пайда болады, қылмысты ашудың деңгейі

жоғарлайды;

- қаладағы қоғамдық тәртіптің жағдайы жақсарады;
- құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алу жүйесінің негізі құрылып;
- құқық бұзушылық әрекеттерге бейім азаматтарды бақылау күшейеді;
- халықтың құқықтық сана-сезім деңгейі көтеріліп, мемлекет пен ішкі істер органдарына деген сенімі артады;
- халықтың қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы жақсарады.

Жедел ахуалды тұрақтандыру, құқық тәртібін нығайту, Алматы қаласындағы қылмыспен күресті күшейту, ішкі істер органдарын материалды-техникалық, әлеуметтік және кадрмен қамтамасыз етудегі 2001-2005 жж. арналған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша бірінші кезектегі

Ш а р а л а р

5.1. Қылмысты ескерту күресті және құқық тәртібін қорғау жөніндегі алдын алу шаралары

5.1.1. 2001-2005 жылдарға арналған !Қала әкімшілігі, ! 2001 жылдың "Досуг" кәмелетке толмағандар мен !білім басқармасы, ! 3 тоқсаны жастар үшін жалпы қалалық !ПББ ! мәдени-тәрбиелік шараларының кешенді! ! жоспарын жасау. Мұнда алдын алу ! ! сипатындағы кешенді шаралар ! ! қарастырылсын. ! !

5.1.2. Балаларға арналған !Білім департаменті! 2001 ж. "Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз!ПББ ! 4 тоқсаны ету", ата-аналармен, мұғалімдерге ! ! жеке буклет ретінде кеңес - ! !

ұсыныстарды жасау. ! !

5.1.3. Аулалық балалар клубтарын !Қалалық, аудандық ! 2002 ж.
қайта жандандыру мәселесін шешу. !әкімшіліктер !

5.1.4. Жастарды полицияның және !Қалалық әкімшілік ! Ұдайы
басқада құқық қорғау органдарының, !
әскердің тегін спорттық секцияларына! !
тарту. ! !

5.1.5. Әрбір ауданда соғыс, еңбек, !Қалалық, аудандық ! 2002 ж.
құқық қорғау органдары !әкімшіліктер !
интернационалист-жауынгерлер ! !
ардагерлерінің және ПИК өкілдерінің ! !
қатысуымен қоғамдық ұйым ! !
мәртебесімен "Патриот" атты ! !
жастармен, кәмелетке толмаған ! !
балалармен жұмыс істейтін клубтар ! !
ұйымдастыру. ! !

5.1.6. Компьютерлік ойындар мен !Қалалық әкімшілік ! 2001 ж.
ойын автоматтар салондарының жұмыс ! !
жағдайы мен тәртібі туралы ережені ! !
жасау. Кәмелетке толмағандардың ! !
кешкілік уақыттардағы кіру уақытын ! !
шектеуді қарастыру (жазғы уақыт ! !
22.00 сағ. дейін, қыста 20.00 сағ. ! !
дейін). ! !

5.1.7. Жоғарғы оқу және арнайы орта !Прокуратура, ПББ,! 2001-2002 ж.
оқу орындарында "Тәрбие және жастар !Білім департаменті! 1 тоқсаны
арасындағы қоғамға қарсы қылықтардың! !
алдын алу" атты тақырыппен семинар ! !
өткізу. ! !

5.1.8. "Көршінің қырағылығы" атты !Қалалық әкімшілік ! 2001 ж.
қозғалыс ұйымдастыру. !аудан әкімдері, ! 1 тоқсаны
!ПИК !

5.1.9. Құқық қорғау органдары мен !Аудан әкімдері, ! 2001 ж.
әскер зейнеткерлерінің, аула !ПИК, ПББ ! 4 тоқсаны
жұмысшыларының, ПИК мүшелері және !
еріктілер қатарынан жұмыс күндері !
азаматтардың пәтерлерін бақылау !
үшін жекеменшік пәтер иелерінің !
кооперативінің жанынан "Қадағалау" !
атты аула тобын құру. !

5.1.10. Жеке және мүлдіктік !ПББ ! 2001 ж.
қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қиын- ! 3 тоқсаны
қыстау жағдайлар кезінде азаматтарды!
кепілдікке алу немесе ұрлау және !
т.б. орын алған сәтте азаматтарды !
осындай шұғыл жағдайларда өзін-өзі !
дұрыс ұстай білуге үйрету үшін !
тәжірибелі полиция қызметкерлерінен !
ақыл-кеңес беретін консультациялық !
кеңес құру. !

5.1.11. Такси, жеке және қоғамдық !ПББ ! Ұдайы
көлік жүргізушілерін қылмыстың !
алдын алу үшін, қылмысқа қатысы бар !
күдікті адамдар туралы хабарлар беру!
жұмыстарына тартып, қылмысты ашуда !
септілік тигізген ақпараты үшін !
сыйақы белгілеу. !

5.1.12. Жетім балаларды, бас !Қалалық әкімшілік ! 2002 ж.
бостандығынан айырған жерлерден ! 1 тоқсаны
босатылып келген азаматтарға, жасы !
18-ден асқан, жұмысы нақты тұрағы !
жоқ жастарға әлеуметтік, жұмысқа !
тұруына көмек беру мақсатында !
кәсіпкерлердің ассоциациясын құру. !

5.1.13. Алматыда бас бостандығынан !Қалалық әкімшілік ! 2002 ж.
айырған жерлерден босатылып !еңбек және !
келгендер және қоғаммен әлеуметтік !жұмыспен !

пайдалы байланыстарын жоғалтқан !қамтамасыз ету !
адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу !басқармасы !
орталығын ашу туралы мәселені шешу. ! !

5.1.14. Құқық бұзуға бейімі бар !ПББ, білім ! 2002 ж.
адамдарды, нашақорларды, !департаменті, ! 1 тоқсаны
маскүнемдерді, баспанасыздарды, !еңбек және !
қаңғыбастарды және жағдайы дұрыс !жұмыспен !
қалыптаспаған жанұядан шыққан !қамтамасыз ету !
балаларды әлеуметтік оңалту жүйесін !департаменті, !
құру. !денсаулық сақтау !
!департаменті. !

5.1.15. Мектеп дезадаптациясын !Білім департаменті! 2002 ж.
түзету, алдын алу, балаларды !еңбек және ! 3 тоқсаны
әлеуметтік бейімдеу, сауықтыру !жұмыспен !
мәселелері бойынша ұйымдық- !қамтамасыз ету !
әдістемелік орталық құру. !департаменті, !
!денсаулық сақтау !
!департаменті !

5.1.16. Бас бостандығынан айырылған !Қалалық әкімшілік,! 2002 ж.
жерлерден және ішкі істер !еңбек және ! 1 тоқсаны
органдарының қабылдап тарату !жұмыспен !
орындарынан босатылып келген !қамтамасыз ету !
азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін!басқармасы !
квота белгілеу бойынша базалық ! !
кәсіпорындарымен жұмысты жалғастыру.! !

5.1.17. Құқық тәртібін және құқық !Қалалық және ! 2002 ж.
қорғау шараларының мән-жайы туралы !аудандық !
қоғамдық пікірді жүйелі түрде !әкімшіліктер !
зерттеу үшін қала әкім аппаратының ! !
және аудан әкімдерінің жанында ! !
әлеуметтік топтар құрып, оған ! !
тәжірибелі, практикасы бар құқық ! !
қорғау органдарының ! !
қызметкерлерінің, мұғалімдердің, ! !
психологтардың, экономистерінің, ! !

қоғам қайраткерлерінің қатысуын !
ұйымдастыру. !

5.1.18. Кәсіпорын және мекеме !Қалалық және !2001 - 2002 жж.
қызметкерлерінен ЖОО студенттерінен !аудандық !
құрылған қаланың қоғамдық !әкімшіліктер !
құрылымдарды ұйымдастыру (қайта !
жандандыру) бойынша кешенді !
шараларды жүзеге асыру бойынша !
жұмыстарды жалғастыру. !

5.1.19. Ерекше күзетілетін !Прокуратура, ПББ ! 2001 ж.
объектілерде төтенше жағдайлардың !
алдын алу немесе болдырмау !
мақсатында, осы объектілердің !
техникалық жабдықталу және !
күзетілу жағдайларын зерттеу. Осы !
объектілерді сенімді күзету және !
қызмет етушілердің қауіпсіздігін !
камтамасыз ету, кемшіліктерді жою !
шараларын қабылдау. !

5.1.20. Алматы қаласындағы кредит- !ПББ ! 2001 ж.
банкілік саласындағы ұйымдарға құқық! ! 4 тоқсаны
қорғау органдарына материалдық- !
техникалық көмек беру жөнінде ұсыныс! !
жасау. !

5.1.21. Маскүнемдер мен !Қалалық әкімшілік,! 2001-2002 жж.
нашақорларды емдейтін қалалық !денсаулық сақтау !
наркологиялық бөлімшелерді !басқармасы, !
материалдық-техникалық тұрғыдан !қаражат басқармасы!
нығайту және қосымша қаржымен !
камтамасыз ету мәселесін шешу. !
Осы категорияға жататын !
жасөспірімдер мен балаларға !
арналған стационарлық бөлімшелер !
ашу. !

5.1.22. Кәмелетке толмағандардың !Прокуратура, ПББ ! 2002 ж.
қылмыс жасаулары себебі мен жағдайын! ! 4 тоқсаны
зерттеу. ! !

5.1.23. Экологиялық қылмыстарды !Прокуратура, ПББ ! 2003 ж.
жасаудың себептері мен жағдайларын ! ! 4 тоқсаны
зерттеу. ! !

5.1.24. Маскүнемдікпен, !Қалалық әкімшілік,! 2001-2005 жж.
нашақорлықпен күрес және жол !ПББ !
қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ! !
ету мәселелері бойынша баспа ! !
басылымдарын, плакаттарды, ! !
брошюралар мен басқа да үгіт ! !
насихат материалдарын шығаруды ! !
кеңейту және оларды жастар арасында ! !
ақысыз таратуды ұйымдастыру. ! !

5.1.25. Жанұядағы жанжалды, !Қалалық әкімшілік,! 2002 ж.
көршілер арасындағы ұрыс-керісті !Әділет басқармасы ! 1 тоқсаны
шешумен және басқару органдары мен ! !
іс жүргізу кезінде жағдайы төмен ! !
жанұяларға көмек берумен айналысатын! !
"Азаматтарды қорғау тобы" қоғамдық ! !
ұйым құру. ! !

5.1.26. Ғалымдардың, құқық қорғау ! "Алматы ақшамы" ! 2001 ж.
органдары қызметкерлерінің назар !"Вечерний Алматы" ! 3 тоқсаны
аударылатын ұсыныстарын басылымдарға! газеттері !
басып шығару үшін "Енгізілу үшін ! !
ұсынылады" атты рубрика ашу, оны ! !
міндетті түрде құқық қорғау ! !
органдарының үйлестіру кеңесінде ! !
талқылау. ! !

5.2. Қылмыстылықпен күресті күшейту және тәртіп
қорғау жөніндегі ұйымдық шаралары

5.2.1. Құқық қорғау органдарының !Қалалық әкімшілік ! 2001-2005 жж.
 қызметі бойынша жүйелі түрде !ІББ !
 баспасөз мәслихаттың (брифингтер) ! !
 өткізіп тұру. Азаматтардың ! !
 тұрғылықты мекен-жайы бойынша, оқу ! !
 орындарында, еңбек ұжымдарының ! !
 басшыларымен жүйелі түрде заңдылықты! !
 түсіндіру жөнінде кездесулер, ! !
 әңгімелесулер, баяндамалар жасау, ! !
 құқық қорғау органдарының жұмысы ! !
 туралы қоғамда оң пікірді ! !
 қалыптастыру, түрлі құқық ! !
 бұзушылықтарға мойынсынбау ! !
 жағдай қалыптастыру. ! !

5.2.2. І-ші шақырылған Алматы !Қалалық әкімшілік,! 2001 ж.
 қалалық Мәслихатының 18.09.98 ж. !ІББ ! 3 тоқсаны
 ХХІ сессиясының шешімімен ! !
 бекітілген "Қазақстаннан тыс ! !
 жерлерде тұратын азаматтардың ! !
 Алматы қаласына келіп кету ! !
 Ережесіне" бұрын паспорт-виза ! !
 ережелерін бұзған азаматтарын бір ! !
 рет тіркеу бөліміне өзгеріс енгізу ! !
 мәселесін қарау. ! !

5.2.3. Учаскелік тіректер мен !Қалалық әкімшілік,! 2001-2005 жж.
 полицияның учаскелік !ІББ, тиісті !
 инспекторларының үй құрылысын !жылдың бюджетін !
 салуды жүзеге асыру және оларды !қалыптастыру !
 учаскелік тіректер ретінде !кезінде !
 пайдалану (біріктірілген үй жайлар).! !

5.2.4. Полицияның кәмелетке !Қалалық әкімшілік,! 2001 ж.
 толмағандармен жұмыс бөліміне !ІББ ! 1 жартыжылдығы
 учаскелік тірек үшін 9 орынжай бөлу.! !

5.2.5. Көп қабатты тұрғын үйлердің !Қалалық әкімшілік,! 2001-2002 жж.
 подъездерін жабылатын қалыптармен, !Тұрғын үй !

кодты құлыптармен, үй дауыстармен !шаруашылық бөлімі !
және пәтерлерді темір есікпен ! !
қамтамасыз етуді жалғастыру. ! !

5.2.6. Подъездердегі, кварталдағы, !Қалалық әкімшілік,! 2001 ж.
көшелердегі және аулалардағы !"Алматыгорсвет" !
жарықтандыруларды тексеріп, олардың ! !
дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. ! !

5.2.7. Жол полициясының барлық !ПББ ! 2002-2003 жж.
қызметтерін компьютерлендірудің ! !
және оларды бірыңғай қалалық жүйеге ! !
қосудың кешендік шараларын жүзеге ! !
асыру. ! !

5.2.8. Қолдағы бар қаражаттарды !Қалалық әкімшілік ! 2002 ж.
пайдаланып Алматы қаласының Әкімі ! !
жанындағы ақпарат жүйесі Орталығы ! !
мемлекеттік кәсіпорнының қызметін ! !
жандандыру және кешенді ! !
автоматтандыру бойынша шаралар ! !
қолдану. ! !

5.2.9. Автокөлік оқиғасы іздерін !Қалалық әкімшілік,! 2002-2003 жж.
сақтау үшін (кемінде 4 бірлік) !ПББ !
ЖПБ кезекшілік бөлімінде ЖКО ! !
зерттеу жөніндегі сарапшы тобын ! !
құру. ! !

5.2.10. ЖПБ аумағында арнайы !Денсаулық ! 2002 ж.
фотоаппараттар орнатылған !басқармасы, !
наркологиялық пункттер ашудың !ПББ !
тиімділігі туралы мәселені ! !
пысықтау. ! !

5.2.11. Ақылы автотұрақтар мен !Қалалық әкімшілік,! 2002 ж.
кооперативті көлік-жайда көлік !ПББ !
құралдарын сақтауға қабылдау ! !
тәртібі туралы Ережені бекіту. ! !

5.2.12. Қаланың әрбір аудандарында !Қалалық әкімшілік,! 2002 ж.
ЖПБ тіркеу-емтихандық тіректерін !ПББ !
және АПБ жол полициясы бөлімшелерін! !
орналастыру үшін қызметтік орынжай ! !
бөліп беру немесе салу мәселесін ! !
шешу. ! !

5.3 Ұйымдық және кадрлық қамсыздандыру.

5.3.1. Қызметкерлер және олардың !Қалалық әкімшілік ! 2001-2005 жж.
отбасы мүшелері үшін ведомстволық ! !
сауықтыру орындарына жеңілдіктермен ! !
жолдамалар беруді қарастыру. ! !

5.3.2. ПО қызметкерлері үшін !Қалалық әкімшілік ! 2001-2005 жж.
"Тұрғын үй сертификаттарын" !Тиісті жылдың !
белгілеу туралы мәселені қарау. !бюджетін !
!қалыптастыру !
!кезінде !

5.3.3 Қызметкерлердің !Қалалық әкімшілік ! 2001-2005 жж.
жауапкершілігін арттыру, тәртіпті ! !
күшейту және қызметтік ! !
міндеттемелерді орындау кезінде ! !
заңдылықты бұзуды болдырмау ! !
мақсатында жеке құрамды ! !
аттестациялауды жалғастыру. Осы ! !
жұмысты жүргізу кезінде формализмге,! !
қате пікірге, қызметкердің қасиетін ! !
асыра мақтауға, мінездеме ! !
мәліметтерінің жасандылығына ! !
жол бермеу. Аттестацияның ! !
қорытындысы бойынша өз лауазымына ! !
сәйкес келмейтін және тәртіп бұзатын! !
қызметкерлерді лауазымынан босатып ! !
аттестациялық тәртіппен қызметке ! !
лайықсыздығы бойынша ішкі істер ! !

органынан шығарып жіберу. ! !

5.3.4 Полиция қызметінде құқықтық !ПББ ! Ұдайы
мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын ! !
жалғастыру. ! !

5.3.5. Жүйелі түрде резервтегі !ПББ ! Ұдайы
кадрларды жоғарлатуды қарау. ! !
Жоғарлату резервіне келешегі бар ! !
кәсіби сауатты, ұйымдастыру ! !
қабілеті бар қызметкерлерді қосу. ! !
Жоғарлатуға берілген резервтегі ! !
кадрларды жасалынып, бекітілген ! !
жоспарларға сәйкес оқумен ! !
қамтамасыз ету. ! !

5.3.6. Кадрлер дайындау жүйесін !Қалалық әкімшілік,! 2002 ж.
жетілдіру барысында Алматы !ПББ !
қаласында заманға сәйкес соңғы ! !
ғылыми техникамен жарықтандырылған, ! !
тренажерлармен қамтамасыз етілген, ! !
шынайы қылмыстық ахуалға жақын ! !
жағдайларда сабақ өткізуге арналған ! !
оқу полигонын құру мәселесін ! !
қарастыру. ! !

5.3.7. ПББ бөлімшелерінің !Қалалық әкімшілік,! 2001-2005 жж.
қызметкерлерінің санын кезең !ПББ. Тиісті !
бойынша көбейту. !жылдың бюджетін !
!қалыптастыру !
!кезінде. !

5.4 Алматы қаласы ішкі істер органдарын
материалдық-техникалық қамсыздандыру,
әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу.

5.4.1. Заңнамаға сәйкес құқық қорғау!Аудан ! 2001-2005 жж.
органдарының қызметкерлерінің тұрғын!әкімшіліктері !
үй және саяжай құрылысы үшін жер ! !

учаскелерін беру туралы арыздарын !
барынша қанағаттандыру. !

5.4.2 ПО қызметкерлерінің балаларын!Қалалық әкімшілік,! 2001-2005 жж.
жеңілдіктермен мектепке дейінгі !білім !
балалар мекемелеріне орналастыру !департаменті !
туралы сұрауларын қамтамасыз ету. !

5.4.3 Қазақстан Республикасында !Қалалық әкімшілік.! 2002 ж.
қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 !Тиісті жылдың !
жж. арналған Бағдарламасын жүзеге !бюджетін !
асыру мақсатында (33 тармақ) !қалыптастыру !
жол қозғалысын реттеудің техникалық !кезінде. !
құралдарын жаңартуға жыл сайын ! !
қаржы бөлуді қарастыру. !

5.4.4. Алматы ПББ-на автокөлік !Қалалық әкімшілік!
сатып алу үшін кезеңмен қаржы бөлу. !Тиісті жылдың !
!бюджетін !
!қалыптастыру !
!кезінде. !

5.4.5. ПББ барлық патрульдік !Қалалық әкімшілік!
автокөліктерін кезеңмен борттық !ПББ, тиісті !
компьютерлермен жабдықтау !жылдың бюджетін !
мүмкіндігін іздестіру: !қалыптастыру !
1 кезең - жол полициясын; !кезінде. ! 2002 ж.
2 кезең - патрульдік полицияны; ! ! 2003 ж.
3 кезең - қалған қызметтерді. ! ! 2004 ж.

5.4.6. ПББ үшін қазіргі заманға !Қалалық әкімшілік.! 2001-2005 жж.
сай арнайы, компьютерлік техника !Тиісті жылдың !
сатып алуды қамтамасыз ету. !бюджетін !
Компьютерлік техника, пейджерлер, !қалыптастыру !
Ксерокстер, сканерлер, !кезінде. !
радиостанциялар, факстер, ! !
электромегафондар ұстап жүретін ! !
радиостанцияларға транкингті типті, ! !
конвенцивті типті аккумуляторлық ! !

батареялар. ! !

5.4.7 Әуеден бақылау үшін тік ұшақ !Қалалық әкімшілік.! 2001-2002 ж.
алу. ! !

5.4.8. ПББ жеке құрамын, жергілікті!Қалалық әкімшілік.! 2002 ж.
бюджет есебінен ұсталатын құрылымдық! !
бөлімшелерін нысанды киім - кешекпен! !
қамтамасыз ету. ! !

Алматы қ. ПББ - Алматы қаласы Ішкі істер бас басқармасы
УПИ - учаскелік полиция инспекторы
ЕМПО - Ерекше мақсаттағы полиция отряды
ПО - Ішкі істер органдары
КІБ - кәмелетке толмағандар істері бойынша бөлімше
ЖПБ - жол полициясы басқармасы
ЖПБ ТЕБ - жол полициясы басқармасы тіркеу-емтихан бөлімі
ЖКО - жол-көлік оқиғасы
ПИК - пәтер иелері кооперативтері.

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты X сессиясының
төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты X-сессиясының
2001 жылғы 4 шілдедегі
шешіміне N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер
мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексіне өзгеріс
е н г і з і л с і н :

1.1. 134 баптың 1 тармағында "Аспайтын мерзімде" сөздерінен кейін "үш"
сөзі "жиырма төрт" сөзімен алмастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқықбұзушылық туралы"

Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2.1. 56 баптың 2 тармағы мына редакцияда мазмұндалсын:

"2 Әкімшіліктік шығару облыс (республикалық маңыздағы қала) ІІБ төл

құжат және виза жұмыстары басқармасының бастығына жүктеледі".

2.2. 541 баптың 1 тармағында "394,396" цифрлары алынсын, 543 баптың 2 тармағының 6 тармақшасында "баптарында қарастырылған" сөздерінен кейін "394,396" цифрларымен толықтырылсын;

2.3. мына мазмұндағы 341 - 1 бабымен толықтырылсын:

"341-1 Қайыр тілеу бабы

Авариялық ахуал туғызуға ықпал ететін жолдың өтетін бөлігінде қайыр тілеумен шұғылдану - үш айлық есептемелік көрсеткішке дейін айыппұлға алып келеді."

3. Босқындар мәртебесін анықтайтын заң қабылдансын.

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Х-сессиясының
төрағасы

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы